

6D030100 – «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған

ГУСЕВ МИХАИЛ АЛЕКСАНДРОВИЧТИҢ

«Қазақстан Республикасындағы әкелік институты: құқықтық қамтамасыз ету мәселелері» тақырыбындағы диссертациясына

АҢДАТПА

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазіргі экономикалық күйзелістер, сыртқы және ішкі қауіп-қатерлердің өршуі, жалпымен танылған моральдық және мәдени құндылықтарының дағдарысы жағдайларында адам өзін мыңдаған жылдар бойы сақтаған және қорғаған мызғымас тіректерді іздейді. Мұндай институттың отбасы екендігі белгілі. Алайда соңғы 50-60 жылда оның да іргесі шайқалуда. Дегенмен, отбасы адамның тұлға, азамат және әлеуметтің мүшесі ретінде қалыптасуы мен дамуының жалғыз негізі болып қала бермек.

Соңғы уақытта отбасы институтына ғылымның барлық салаларының дерлік қызығушылығы артуда. Әдетте еңбектердің көпшілігі балалардың балалардың құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ заңды мүдделерін зерттеуге арналады. Әсіресе «ана мен бала» тұрақты байланысының бөлігі ретінде, ана болу мәселесін талдау тұрақты қызығушылық тудыруда.

Осындай жағдайда әкелік институтына жіті назар аудару күтпеген құбылыс ретінде таңданыс тудыруда. Егер бұрынғы кездері отбасы мәселесі тек баланың заңды мүдделерін қорғау мен оған кепілдік беру тұрғысынан қаралып, ана болу институты бала институтының негізгі категориясы ретінде есептелсе, қазір әлем әкеліктің де сондай маңызды негізгі категория екендігін түсінуде. Әкеліксіз ана болу да, сәйкесінше бала да жоқ.

Қазақстан Республикасы отбасын қолдауға маңызды назар аударуда. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» бағдарламасына сәйкес еліміз жаңғырту мен индустрияландыру бағытына түсіп, ол Қазақстанның әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіру жөніндегі Тұжырымдамасына енді. Қазақстан 15-20 жылдық «мүмкіндік терезесін» бес стратегиялық бағытты іске асыруға қолдануға ниетті: адами капиталды дамыту, институционалды ортаны дамыту, ғылымға негізделген экономиканы қалыптастыру, қазіргі заманғы инфрақұрылымды қалыптастыру және халықаралық интеграцияны тереңдету. ҚР Президенті 2016 жылдың 6 желтоқсанында Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі Отбасылық және гендерлік саясаттың Тұжырымдамасын бекіткен Жарлық қабылдады. Бұл тұжырымдамда 2006-2016 жылдар аралығындағы отбасының, некенің, ана болудың, әкеліктің және балалықтың нәтижелері қорытындыланып, ол отбасы өмірінің сапасын көтеру мен жақсартуға бағытталған экономикалық, құқықтық, ұйымдық, ақпараттық және кадрлық қамтамасыз етуді қажет ететін қағидалардың және іс шаралардың жүйесін құрайтын мемлекеттің әлеуметтік саясатының құрамдас бөлігі ретінде танылды.

ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев Жастар жылының салтанатты ашылуы шарасында былайша атап өткен болатын: «Ана болу институтын қолдаумен бірге әке болу институты да дамуы тиіс, жасөспірімдерде өзінің отбасы үшін жауапкершілік сезімін қалыптастыру қажет. Отбасылық қатынастардың барлық жақтарын қамтитын қолжетімді психологиялық және кеңес беру көмектерімен қамтамасыз етуіміз қажет. Бізді отбасының бұзылуы қатты алаңдатып отыр. Ғалымар, қоғам белсенділері, бұқаралық ақпарат құралдары бұған маңызды назар аударуы тиіс».

Әкеліктің маңыздылығын тану оның құқықтық тұрғыда бекітілуінің, кепілдік берлуінің, қамтамасыз етілуі мен қорғалуының мәселелерін ғылыми негіздеуді қажет етеді. Бұл төмендегі жағдайлармен негізделеді:

1. Отбасы институты терең дағдарыста. Қазақстанда тіпті балалары бар отбасылар үшін де отбасының бұзылуы қалыпты жағдайға айналды. 2018 жылдың 9 айында сот органдарымен отбасыларында кәмелетке толмаған балалары бар 24 614 неке дауы қарастырылып, бұзылды. (2017 жылы 35 727). Егер бір отбасында 1,9 бала бар десек, 46 766 бала толық емес отбасында тәрбиеленушілер қатарына өтті [ҚР балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі Комитет]. Әрбір үшінші неке бұзылуда, ал «азаматтық» деп аталатынның саны артуда. Бұл отбасы мен некеге қатынастың әлсірегенің көрсетіп, «азаматтық» деген неке отбасылық одақтың тұрақтылығына нұқсан келтіруде. Ажырасу коэффициентінің деңгейі бойынша Қазақстан 24-орында тұр. Елімізде жарты миллионнан астам толық емес отбасы бар. Олардың 87 пайызы жалғыздікті аналар. Қалғандары жалғыз әкелер.

2. Мұндай статистика толық емес отбасының одан әрі көбеюіне алып келеді, себебі толық емес отбасында өскен баланың некеге психологиялық тұрғыда сыни көзбен қарайтындығы белгілі. Сонымен қатар, жасыратыны жоқ неке мен ана болуға теріс қарайтын әйелдердің де саны өсуде, олар үшін басты мақсат балалы болу емес, материалдық жағдай, мансапқорлық болуда. Қорытындыланған статистикаға сәйкес отбасы құрудан бас тартушы әйелдердің 73%-і толық емес отбасында өскендер, сәйкесінше олардың толыққанды және жайлы отбасылық өмір тәжірибесі жоқ деп ойлаймыз.

3. Баланың толыққанды дамуы үшін «ана-бала» және «әке-бала» байланысы ғана қажет емес, үштұғырлы «ана-бала-әке» байланысы қажет. Қазіргі кезде тіпті толыққанды отбасының өзінде әкенің рөлі төмен болып отырғандығы жасырын емес, ал толық емес отбасында ол тіпті төмен екендігі белгілі. Бұл бала құқығының қорғалмауына, анаға шектен тыс күш түсуіне, әкелердің отбасына, бала тәрбиесіне және оны қамтамасыз етуге жауапкершілікпен қарамауына алып келеді. Психологтардың пікірінше «отбасылық тәрбие әке мен ананың қарым-қатынасының терең эмоционалдылық, интимдік сипаттарына ие және ол туысқандық пен өзара махаббатқа байланысты күшейе түседі. Отбасылық қатынастардың қуаты мен тұрақтылығы олардың ұзақтығы мен үздіксіздігінде, өмірдің әртүрлі жағайларында қайталанып отыратындығында. Баланың ата-анасымен қатынасы оның тұлға ретінде әлеммен қатынасының алғышарты және іргетасы

болып табылады. Отбасында баланы тұрмыстық, шаруашылық, тәрбиелік қызметтерге тартудың объективті мүмкіндіктері бар».

Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасында «Өзінің мүдделеріне қайшы келетін жағдайларды қоспағанда, әрбір баланың отбасында өмір сүруге және тәрбиеленуге құқығы, өзінің ата-аналарын білуге құқығы, олардың қамқорлығында болуға құқығы, олармен бірге тұруға құқығы бар. Баланың өз ата-анасының тәрбиесіне, өз мүдделерінің қамтамасыз етілуіне, жан-жақты өсіп-жетілуіне, өзінің адами қадір-қасиетінің құрметтелуіне құқығы бар» деп бекітілген. Сәйкесінше бала өзінің ата-аналарының кім екендігін білуге, олармен қарым-қатынас жасауға, анасының да әкесінің қамқорлығына құқығы бар. Баланың мұндай құқықтары сәйкесінше бекітілуі және кепілдік берілуі тиіс, осы арқылы отбасының, әкеліктің және балалықтың мәселелері, сондай-ақ ана мен әкенің және баланың құқықтары қорғалып, оларды қиянаттылықпен пайдалануының жолын кесіп толыққанды және дұрыс реттелінуі қамтамасыз етеді.

4. Еліміздің заңнамасында әкенің құқықтары мен заңды мүдделері кепілдігіне жеткілікті назар аударылмаған. Ал Қазақстан Республикасының Конституциясының 27-бабының 1-тармағында былайша бекітілген: «неке және отбасы, ана олу, әкелік және балалық мемлекет қорғауында болады» [ҚР Конституциясы].

Қазақстан Республикасының 26 желтоқсан 2011 жылғы № 518-IV «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексі базалық акт болып, неке-отбасылық (ерлі-зайыптылық) қатынастарды құқықтық реттеудің мақсаттарын, міндеттерін, қағидаларын бекітіп, отбасының құқықтары мен мүдделерін қорғай отырып, ол мемлекеттің әлеуметтік саясатының дамуының негізгі бағыты дей отырып, әкеліктің де, ана болудың да анықтамасын бермейді. Сонымен қатар, бұл акт әкелікті анықтау түсінігін көздегенімен, бұл жағдайды отбасылық қатынастардың өзге жағдайларын реттеуде қолдануды көздейді.

Адам және азамат, ана және бала құқықтары жөніндегі халықаралық актілерге талдау жасау көрсеткендей оларда да ана болу мен әке болу анықтамаларына нақты анықтама берілмеген, ал бұлар оның иелеріне бір-біріне, балаға, мемлекет пен қоғамға қатынасында құқықтық мәртебесін анықтайтын құқықтық категориялар болып табылады.

5. 1948 жылғы Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы, 1966 жылғы Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық Пакт, 1966 жылғы Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі халықаралық Пакт, Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық Пактіге Факультативтік Хаттама, 1989 жылғы Бала құқықтары жөніндегі Конвенция қазіргі заманғы адам құқықтары туралы теориялардың негізі болып, оларға қарай халықаралық және отандық заңнама бағыт алып отырғанымен, біздің ойымызша оларда әйелдер мен баланың құқықтарына баса назар аударылып, белгілі бір деңгейде еркектер (әке болу) назар тыс қалып қойған. Бұл тарихи жағдайға байланысты қалыптасқан деп ойлаймыз, өйткені олардың бәрі екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қабылданып, сол

уақыттағы экономикалық, әлеуметтік, саяси, гендерлік себептерге байланысты деп тұжырымдауға болады.

Қазіргі әлемде жағдай біркелкі емес. Алайда қазіргі қоғамда еркек пен әкенің рөлі әйел мен еркектің теңдігі заңмен формальді бекітілгеніне қарамастан соншалықты төмен. Мұны некені бұзу кезінде 100 жағдайдың 98-інде баланы анасымен қалдыратын статистиканың өзі көрсетеді.

Мұндай жағдай әкені ерікті де, еріксіз де отбасы және бала тәрбиесі үшін жауапкершіліктен шеттетіп, өзінің көптеген функциясын әйелдің (ананың) мойнына арттыруға себеп болады. Алайда соңғы кездері мұндай жағдайға келіспейтін әкелердің саны артуда, олар өз балалары, олармен араласу құқықтары үшін күресуде, тіпті қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар да құруда.

6. Феминизмнің қанат жаюымен қатар, жоғарыда аталған жағдайлар қоғамда әкелікті отбасының әлсіз буыны ретінде қарауға итермелеуде. Төмендегідей белгілерге ие «қазіргі заманғы әке» тұлғасын қалыптастыруда:

- 1) әкесіздіктің артуы, отбасында әкенің болмау жағдайларының артуы
- 2) анасына қарағанда әкелік қатынастың аздығы және елеусіздігі;
- 3) педагогикалық құзіреттіліктің болмауы, әкелердің икемсіздігі;
- 4) әкелердің тәрбиелік міндеттерін атқаруға құлықсыздығы және қабілетсіздігі (әсіресе нәрестелерге қамқорлыққа).

«Қазіргі заманғы әке» феномені бүгінгі таңдағы қоғамның менталитетінің ерекшеліктерін көрсетеді және ол қазіргі әкелік институтының проблемаларын ашып отыр. Ол өз кезегінде болашақ ұрпақтың санасы мен психологиясының қалыптасуына, сот пен құқық қорғау органдарының, әлеуметтік қорғау, білім беру және тәрбиелеу ұйымдарының қызметіне нақтылы істер мен құқық қолдану тәжірибесіне жалпы алғанда да әсер етеді.

7. Сонымен қатар белсенді әкелердің саны да артуда. Олар белсенді азаматтық ұстанымдарға ие, толық отбасы болсын, толық отбасы болмасын өздерінің балаларының өмірінде маңызды рөл атқарады, оларға материалдық және моральдық қолдау көрсетеді. Сондай-ақ өмірдің белгілі бір жағдайларына байланысты балаларын жалғыз тәрбиелеп отырған әкелер де бар. Осы категориядағы әкелер үшін олардың құқықтарын бекіту, қамтамасыз ету және кепілдік беру механизмдерін нығайту қажет. Оларға әлеуметтік және психологиялық тұрғыда қолдау көрсетуге баса назар аударған жөн.

8. Өзінің 5 қазан 2018 жылығы Жолдауында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі бастамасын дамыта отырып, жастар мен отбасы институтын кешенді қолдау мемлекеттік саясаттың басым бағыты және ол үшін әлеуметтік сатылардың кең платформасын қалыптастыру қажет, бұл өзіне жастардың барлы категориясын қолдаудың толық кешенің қамтуы тиіс, деп атап өткен болатын. Қазақстан Республикасында тәуелсіздік алған уақыттан бері отбасы институтын дамыту мен нығайтуға, ата-аналардың мәртебесін көтеру мен нығайтуға, балалардың мүдделеріне кепілдік беруді қамтамасыз етуге байланысты бірқатар қадам жасалынды. Дегенмен, Қазақстан Республикасы мен өзге де елдерде біркелкі емес және қарама-қайшы үрдістер орын алуда. Қазіргі шетелдік арнайы әдебиеттерде осы салаға қызығушылық күрт артуда,

бұл отбасы институтының даму жағдайымен, оның тұлғаның, мемлекеттің, мемлекет пен әлеуметтің жалпы дамуындағы рөлінің төмендеуінен болса керек.

Жоғарыда айтылған мән-жайлардың барлығы осы тақырыпқа көптеген жарияланымдардың болғанын көрсеткенімен, оларда бұл мәселе кешенді түрде қарастырылмаған. Бұл жағдай отбасылық құндылықтар мен дәстүрдің «ренессансы» тұрғысынан әкелік институтының құқықтық мәртебесін тереңірек зерттеу қажеттілігін көрсетіп отыр. Диссертациялық зерттеудің таңдап алынған тақырыбы ғылыми және тәжірибелік қызығушылық тудырады. Осы саладағы нормативтік актілер мен өзге де мәселелерді жүйелі талдау құқықтық ілім ғылымында жаңа кеңістікті аша түседі деп ойлаймыз.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы таңдап алынған тақырыптың өзінен көрінеді. Қазіргі заманда әкелік институты бірқатар кешенді себебептерге байланысты әлеуметтік құбылыс ретінде өзінің табиғи маңыздылығына сай болмай отыр, сәйкесінше заңнамалық тұрғыда реттелінбей отыр.

Диссертациялық зерттеуде берілген төмендегідей жаңалықтың элементтерін бөліп көрсетеміз:

- әкелік институты отбасының негізгі тұғырлы элементі және конституциялық және отбасылық құқықтың институты ретіндегі құқықтық табиғаты мен мәні анықталды;

- ерте заманнан бүгінгі күнге дейінгі әртүрлі құқықтық жүйелердегі әкелік институтының қалыптасуы мен дамуына талдау жасалынды, көшпелі қазақ қоғамы мен кеңестік кезеңге және тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңге баса назар аударылды;

- отбасы және неке, ана болу мен әкелік, балалық институттарының халықаралық-құқықтық негіздеріне, олардың отандық конституциялық және отбасы-неке заңнамасына әсеріне талдау жасалынды;

- әкелік институтына адамның табиғи құқығы тұрғысында және оның ана болу мен балалық институттарымен байланысына талдау жасалынды;

- әкелік бір мезгілде адамның және азаматтың әлеуметтік-экономикалық, сондай-ақ азаматтық құқықтарына жататын кешенді құқық екендігі анықталды;

- әкелік институтының құрамдас бөліктерін құрайтын жүйе негізделді;

- отбасы-неке қатынастарында туындайтын мәселелерді шешудің негізгі қағидасы ретінде отбасындағы ата-аналардың теңдігі қағидасы дәйектелді.

Тақырыптың ғылыми зерттелу деңгейі. Әкелік түсінігі көпқырлы категория болып табылады. Әкелікті биология, денсаулық сақтау, медицина, әлеуметтану, саясаттану, экономика, отбасылық психология және этика, педагогика, құқық тұрғысынан қарауға болады.

Әкеліктің философиялық негіздері Сократтың, Платонның, Аристотелдің, Геродоттың идеяларында көрініс тауып, одан әрі И. Канттың, Г. В. Ф. Гегельдің, Дж. Локктың, М. Монтеняның, Ж.-Ж. Руссоның, Ш. Монтескьенің, Ш. Айзенштадттың, К. Мангейманың, Ф. Мантренің, М. Миданың, Ф. Ницшенің, М. Фуконың Б. В. Маркованың, О. М. Ломаконың еңбектерінде зерттеліп, қарастырылды.

Психология саласында әке рөліне өз еңбектерің Флэйк-Хобсон, Робинсон, Скин, И.С. Кон, Карабанова О.А, Старостина Л.Д., Furgow D., Nelson K., Benedict H., Старостина Л.Д. секілді ғалымдар және басқалар арнады. Біздің пікірімізше И.В.Рыбалконың Қазіргі Ресейдегі әкеліктің трансформациясы атты диссертациялық зерттеуін бөліп қарастыруға болады, онда әкеліктің күнделікті трансформациясы соңғы жүзжылдықта болған гендерлік рөлдер жүйесінің елеулі жаңғыртылуына негізделетіндігі анықталып, ана болу рөлімен қатар әке болудың да жаңа интенсивті үрдіске түскендігі дәлелденеді, қоғаммен әкеліктің функцияларының дәстүрлі үлгісіне қарағанда жаңа нысанының пайда болғандығы бағаланады дейді [Рыбалко И.В. Трансформация отцовства в современной России. Автореферат диссертации. - Саратов, СГТУ, 2006].

Әкелік институты әлеуметтану тұрысынан мына ғалымдармен зерттелінген: И. Кон, Дж. Кэрнея, Р. Ларосс, Л. Маркс, С. Менсон, Дж. Плека, И. Остроуха, Р. Палковитца, Л. Плантина, Н. Радин, В. Рамих, А. Ротундо, Рыбалко И.В. және басқалар.

Педагогикалық тұрғыда әке рөлі мен оның бала тәрбиесіндегі орны туралы Л.фон Бертоланфи, Г.Бейтсон, М.Боуэн., А.Я.Варга, С.Минухин, К.Маданес, В.Сатир, М. Палацолли); Л.С.Выготский; Г.Н.Волков; М.С.Каган, Д.С.Лихачев, Ю.М.Лотман, А.В.Предтеченский, А.С.Роботова, В.Я.Стоюнин, С.О. Шмидт, А.Бандура, А.Бек, А.Эллис, Дж. Келли, Ш.Берн, Э.Бадинтер, В.Г.Иваницкий, И.С.Клецина, И.С.Кон, Дж. Лорбер және басқалар елеулі монографиялық еңбектер жазған.

Адам құқықтарының дамуы мәселелеріне Авакьян С.А., Алексеев С.С., Витрук Н.В., Головистикова А.Н., Грудцына Л.Ю., Лукашева Е.А., Лучин В.О., Малько А.В., Беломестных Л.Л., Баймаханова М.Т., Сартаев С.С., Сапарғалиев Г.С., Баймаханова Д.М., Бусурманов Ж.Д., Башимов М.С., Сман А., Мицкой Е., Кемали М. және басқа да құқықтанушы ғалымдар тұтастай еңбектер арнаған.

Жалпы отбасы және неке мәселелері мына заңгер-ғалымдардың ғалымдардың еңбектерінде зерттелінген: М.В. Антокольская, Е.М. Ворожейкин, Я.Р. Веберс, А.Г. Гойхбарг, О.С. Иоффе, Н.Ф. Качур, О.Ю. Косова, Ю.А. Королев, Н.М. Костров, П.В. Крашенинников, И.М. Кузнецова, Л.Б. Максимович, Р.П. Мананкова, М.Г. Масевич, А.М. Нечаева, Л.М. Пчелинцева, Н.В. Рабинович, Л.Н. Рогович, В.А. Рясенцев, Г.М. Свердлов, П.И. Седугин, Н.Н. Тарусина, Ю.К. Толстого, О.А. Хазова, Е.А. Чефранова, Н.А. Чечина, А.М. Эрделев, Н.Г. Юркевич.

Әкелік қатынастарды азаматтық-құқықтық тұрғыда реттеу мәселелері А.Г.Диденко, М.К.Сулейменов, С.А.Димитрова, Е.Н. Нурғалиева, В.Н. Уваров, И.В. Межибовская зерттеулерінде көрініс тапқан..

Белгілі ғалымдар Естемирова Б.А., Сабитова А.А., Жайлау Ж., Казакова А.В., Жетписбаев Б.А. және өзгелер бала құқықтарына еңбектерін арнаған. Г.Г. Турысбекованың «Теоретические проблемы правового регулирования института материнства в Республике Казахстан», атты еңбегі ерекше назар аударарлық, мұнда Қазақстан Республикасында алғаш рет ана болуға

құқықтарды жүзеге асыру барысында, ана болуды қорғау саласындағы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу мәселелері қарастырылған.

Осындай көптеген зерттеу жұмыстарының болғанына қарамастан, Қазақстан Республикасында әкелік институты кешенді түрде ғылыми және құқықтық жағынан зерттелінбеген. Бұл жағдай таңдап алынған тақырыптың және оны кешенді зерттеп талдаудың өзектілігін көрсетеді.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты әкелік институтының теориялық негіздерін отбасы институтының ана болу және балалық институттарымен үздіксіз байланыста кешенді талдау, оның тарихи-құқықтық даму кезеңдерін қорытындылау, оның қазіргі жай-күйіне халықаралық-құқықтық, отандық заңнама, сот органдары мен әлеуметтік қызмет органдары тәжірибесі тұрғысынан зерттеу, отбасы-неке заңнамасын жетілдіруге байланысты нақты кешенді ұсыныстар әзірлеу. Бұл мақсаттарға төмендегі міндеттерді шешу жолымен қол жеткізіледі:

- әкелік түсінігін теориялық негіздеу және оның конституциялық-құқықтық негіздеріне талдау жасау;

- әкелік институтына оның Қазақстан Республикасы мен шетелдерде қалыптасуына тарихи-құқықтық талдау негізінде қазіргі даму бағыттарына зерттеу жүргізу;

- халықаралық-құқықтық заңнаманың әкелік институттың конституциялық-құқықтық бекітілуі мен отандық тәжірибеге тиімді енуіне әсерін зерттеу;

- әкелікке құқыққа адамның табиғи құқықтары теориясы көзқарасы тұрғысынан талдау жасау;

- анализ места и роли прав на отцовство в классификации основных прав и свобод человека и гражданина;

- әкелікке құқықтың құрылымы мен оның элементтерін негіздеу;

- ата-аналардың теңдігі құқығы қағидасына отбасы-неке заңнамасының қағидасы және отбасылық даулар бойынша сот тәжірибесінің тиімді дамуының базалық қағидасы ретінде талдау жасау.

Зерттеудің объектісі мен пәні. Зерттеу объектісі болып әкелікке құқық пен оған кепілдікті жүзеге асыру процесі барысында туындайтын қоғамдық қатынастар танылады.

Зерттеу пәні болып әкелік қатынастарды халықаралық заңнамамен, Қазақстан Республикасында және шетелдерде конституциялық-құқықтық бекіту және реттеу болады.

Зерттеудің теориялық-әдістемелік негізі жалпығылыми және жеке-ғылыми әдістеменің органикалық үйлесімділігіне құрылады. Жалпығылыми әдістеме гуманитарлық ғылымның маңызды бағыттарының жетістіктерін қамти отырып, мемлекеттің, қоғамның, ұжымның және жеке тұлғаның қатынастарымен сипатталады. Ол қоғамдық дамудың объективті және субъективті факторларын, себеп-салдарлық байланыстар мен қатынастарды, олардың институционализмі мен субординациясын, сондай-ақ отбасылық заңнамада әкелік қатынастарды реттеудің сабақтастығы мен даму тарихының сатыларын қамтиды. Жұмыста жеке ғылыми әдістер де қолданылынды:

формальді-құқықтық, құрылымдылық-жүйелік талдау, нақтылы-тарихи, салыстырмалы-құқықтық, логикалық, әлеуметтік және статистикалық, талтау және синтез әдістері, үлгілеу әдісі және т.б.

Жұмыстың теориялық базасы конституциялық құқық, әкімшілік құқық, отбасы құқығы, халықаралық құқық, экономика, әлеуметтану, педагогика, дінтану, тарих және тағы да басқа салалардағы еңбектер болды.

Зерттеу жұмысының нормативтік негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, конституциялық заңдары, Қазақстанмен жасалған халықаралық келісімдер, еліміздің заңдары мен өзге де нормативтік-құқықтық актілері, мемлекеттік бағдарламалар, арнайы уәкілетті орталық атқару органдары мен жергілікті атқарушы және өкілетті органдардың актілері құрады.

Зерттеудің эмпирикалық базасы биліктің уәкілетті органдарының тәжірибелік материалдары, қоғамдық ұйымдардың зерттеулері, осы мәселеге қатысты әртүрлі салалардағы ғылыми зерттеулердің нәтижелері, мерзімді баспасөз бен электрондық көздерден алынған талдау материалдары болды.

Зерттеу жұмысының қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдары. Бұл тұжырымдар жүргізілген зерттеудің жаңалығын, әкелік институтының отбасы, қоғам және мемлекеттің дамуы үшін маңызы мен ерекшелігін ашады:

1-нәтиже. ҚР Конституциясы (27-бап 1-т.) некені, отбасыны, ана болуды, әкелікті және баланы қорғау қағидасын бекітеді. Қазақстан Республикасының заңнамасында құқықтық категория ретінде әкеліктің түсінігі жоқ, тек оның құқықтық мәртебесінің жекелеген қырлары ашыған.

Әкелік – бұл қандық немесе құқықтық негізден туындайтын ер адамның балаға қатысты құқықтары мен міндеттерінің жиынтығын құрайтын құқықтық институт. Әкелік тек ана мен бала түсінігімен тығыз байланыста болады, мұнда бала әкенің құқықтары мен міндеттерінің туындауы мен жүзеге асырылуының негізгі бастауы болады.

2-нәтиже. Әкелік институтының ерте заманнан бүгінгі күнге дейін дамуына талдау жасау негізінде, біз оның қалыптасуы мен дамуының тарихын төмендегідей кезеңдерге бөлдік:

I кезең – Дала өркениетінің ерте кезеңі – отбасы институтының туындауы, бұл кезеңде қазақтың әдет құқығына сәйкес әкелік институтына айрықша көңіл бөлінді;

II кезең – кеңестік кезең, бұл кезеңде мемлекет отбасыны, ата-ананы, баланы қолдауды жариялағанымен оның саясаты негізінен ана мен бала мүддесін ғана қамтамасыз ету болып, нәтижесінде отбасының біртұтастығы мен автономдығына нұқсан келтірді, қоғамдық мекеменің тәрбиесіне басымдылық беріліп, отбасындағы әкенің рөлі төмендеді;

III кезең – Қазақстанның тәуелсіздік алған кезінен 1993 жылғы Конституцияның қолданыста болған уақыты аралығындағы өтпелі кезең, мұнда алғаш рет әкелік институты конституциялық деңгейде ана болу мен бала институттарымен қатар бекітілді;

IV кезең – отбасының, ана болудың, әкеліктің және балалықтың дамуының қазіргі кезеңі, өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі отбасы мен әке рөлінің әлемдік

тенденциясының нығаюымен, Қазақстанның рухани жаңғыру мемлекеттік саясатының жүзеге асыруымен, патриотизм мен қазақстандық қоғамның адамзаттың әлемдік тарихындағы рөлін бағалаудың бекемделуімен сипатталатын кезең.

Жоғарыдағы қорытындылай келе, әкелік институты өзінің даму тарихында өртүрлі кезеңдерден өтті, барлық уақытта жақсы нәтиже бере бермеген мемлекет тарапынан әсер етулерге ұшырады деп тұжырымдауға болады. Дегенмен соңғы уақыттарда құндылықтар қайта бағаланып, әкелік институты әдебиеттерде жақсы және дұрыс бағалануда, алайда өкінішке орай, заңнамада тиісті орын және кепілдік ала алмай отыр.

3-нәтиже. Отбасы және неке, ана болу, әкелік, балалық институттарының халықаралық-құқықтық негіздерін талдау төмендегідей қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

1. Өкінішке орай, бұл негіздер аморалдық, индивидуалистик, тұтынушылық өмір салты қанат жайған уақытта, отбасы институтының толықтай күйреуі қаупі жағдайында бүгінгі күнде терең қайта бағалауға мұқтаж;

2. Әкелік институты халықаралық-құқықтық құжаттарда қалыптаспаған, әкенің құқықтық мәртебесі нақты анықталмаған, оның құқықтары мен міндеттері нақты бекітілмеген;

3. Біздің көзқарасымыз бойынша әке «1 немесе 2-і ата-ана» емес, оның орны отбасында, әйеліне, балаларына, қоғамға, тәрбие мәселелеріне қатынасында, материалдық қамтамасыз ету, ұлттық, діни, рухани дәстүр, қоғамдық сана, мемлекеттік саясатқа қатынасы мәселелерінде және халықаралық қоғамдастықта қайта жаңғыруға, қамтамсыз етіуге, кепілдік берілуге және қолдауды қажет етеді.

4-нәтиже. Ұрпақ жалғастыруға және өз балаларын тәрбиелеуге құқық өмірге құқық секілді өзге табиғи құқықтардан да ерте құқық. Сондықтан отбасы құруға, ана және әке болуға құқық мемлекетпен танылып және кепілдік берілуі тиіс табиғи жеке құқық болып табылады деп есептейміз.

Отбасы және неке саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін конституциялық-құқықтық нормаларды талдай келе, отбасыға, ана болуға, әке болуға және балалыққа құқық секілді конституциялық құқық өзара байланысты күрделі құқықтар кешенің құрайды:

1. отбасын құруға құқық, некеге тұруға құқық, ана болуға құқық, әкелікке құқық, балалыққа құқық.

2. некені және отбасыны, ана болушылықты, әкелікті және балалықты қорғауға құқық.

5-нәтиже. Әкелікке құқық - ер адамның өзінің ұрпағын жалғастыруға жеке құқығы және мемлекетпен кепілдік берілген азаматтың конституциялық құқығы. Бұл құқық Қазақстан азаматының мемлекетпен қорғалатын неке, отбасы, ана болу, әке болу және балалыққа конституциялық құқығының бір бөлігі.

Конституцияда бекітілген адам және азаматтың құқықтарын жіктей келе, әкелікке құқық бір мезгілде адам және азаматтың әлеуметтік-экономикалық және азаматтық құқықтары қатарына жататын кешенді құқық болып табылады

деп есептейміз. Бұл қорытынды отбасы институтының әлеуметтік-экономикалық факторлармен қамтамасыз етілетіндігімен және сонымен бір мезгілде бұл институттың адамның қоғамдағы және мемлекеттегі жағдайын сипаттайдығымен, сондай-ақ оның қоғамның толыққанды мүшесі және мемлекеттің азаматы ретіндегі рөлін көрсететіндігімен негізделеді.

6-нәтиже. Әкелікке құқық тұтастай компоненттер кешенінен тұрады:

- өніп-өсуге құқық (репродуктивтік функция);
- баланың атын анықтауға құқық;
- баланың ұлтын анықтауға құқық;
- баламен бірге тұруға құқық;
- баланы тәрбиелеуге қатысуға құқық;
- баланы күтіп-бағуды экономикалық қамтамасыз етуге құқық;
- балаға білім беруді қамтамасыз етуге құқық;
- баланың құқықтары мен мүдделерін қорғауға құқық;
- егер баланы әкесі жеке тәрбиелеп отырса оның анасынан материалдық көмек алуға құқық (ананың баланы жеке тәрбиелеп отырғаны жағдайында әкесінен алатын көмек секілді);
- еңбекке жарамсыз болып қалса өзінің кәмелетке толған балаларынан қамқорлыққа құқық.

7-нәтиже. Ата-аналардың құқықтарының теңдігі қағидасы жоғарыда аталған қағидалармен қатар, соның ішінде отбасы бұзылғаннан кейін де, осы саладағы барлық мүмкін болатын мәселелерді шешудің негізгі қағидасы болып табылады. Сонымен қатар, бұл бұл қағидалардың қатарына төмендегілер де енуі тиіс:

- балалардың мүдделерін қамтамасыз етудің басымдылығы;
- ата-аналар құқығы мен міндеттерінің біртұтастығы;
- ата-аналар мүдделерінің ескерілуі;
- ата-аналық құқықтарды қиянаттылықпен пайдалануға жол бермеу;
- өзге үшінші тұлғалар мен мемлекетке қарағанда ата-аналық құқықтардың басымдылық сипаты.

Біздің көзқарасымыз бойынша, біз ұсынып отырған балалардың мүдделерін қамтамасыз етудің басымдылығы қағидасы негізгі болып табылады және ата-аналық құқықтар мен міндеттерді анықтаудың негізі болып табылады. Осы қағида Қазақстан Республикасының Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодексінің 2-бабына енгізілуі тиіс.

Жұмыстың теориялық және тәжірибелік маңыздылығы. Жұмыста алғаш рет отандық және шетелдік тәжірибеде әкелік институтының мәселелері кешенді және жинақы түрде зерттелінген.

Жұмыстың тәжірибелік маңызы оның нәтижелерін әкелікті құқықтық қорғау мәселелері бойынша конституциялық және отбасылық заңнаманың тиімді қолданылуын ары қарай талдау кезінде теориялық негіз ретінде қолдануға болады. Диссертациялық зерттеу нәтижесінде алынған тұжырымдар мен ұсыныстарды отбасылық-некелік заңнаманы жетілдіруде, заң жобаларын әзірлеуде, ҚР Парламентінің, Еңбек және әлеуметтік қорғау

министрлігінің қызметінде, құқық қорғау, сот органдарының және қоғамдық ұйымдардың қызметінде пайдалануға болады.

Жұмыстың тұжырымдарын «құқықтану» мамандықтарын даярлаушы оқу орындарында, конституциялық, азаматтық, азаматтық сі жүргізу, отбасы құқықтары мен арнайы курстарды оқыту кезінде пайдалануға болады.

Диссертацияда жұмыстың негізгі мазмұнын, идеялары мен тұжырымдарын автор халықаралық, республикалық ғылыми және ғылыми-практикалық конференциялар мен дөңгелек үстелдерде ғылыми баяндамалар мен хабарламаларда ұсынды:

1. Байдельдинова Д.А., Гусев С.А. Институт семьи: понятие, составные элементы // Вестник КазНУ. Серия юридическая. – 2018. – № 4(88). – С. 69-79.

2. Гусев М.А. Правовое обеспечение и состояние института отцовства в Республике Казахстан // Современные вопросы правовой науки и юридического образования в контексте модернизации общественного сознания: материалы международной научно-практической конференции. – Алматы, 2018. – С. 106-109.

3. Гусев М.А. Правовые проблемы института отцовства // Конституционная реформа и модернизация общественного сознания (Сапаргалиевские чтения): материалы международной научно-практической конференции. – Алматы, 2018. – С. 241-248.

4. Gussev M.A., Baydeldinov D.L., Fethi Gedikli. Institute of Paternity as component of the Family: Historical and legal aspect // Известия Национальной Академии наук Республики Казахстан. – 2019. – № 1(323). – С. 180-189.

5. Гусев М.А. Принцип равенства прав родителей: законодательное регулирование и проблемы реализации на практике // Наука и жизнь Казахстана. Международный научно-популярный журнал. – 2019. – № 6/2. – С. 23-29.

6. M.A. Gussev, Y. S. Rakhmetov, A.K. Berdibayeva, A. Yessekeyeva. Legal problems of the paternity institution: Child's rights ensuring issues // Rivista Di Studi Sulla Sostenibilita. – 2020. – Vol. X, Issue 1. – P. 267-286. DOI: 10.3280/RISS2020-001016.